

## Көше атын беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Қараспан ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 5 шілдедегі N 39 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 шілдеде N 14-8-106 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4 тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округінің әкімі

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Қараспан ауыл округіне қарасты Көлтоған ауылындағы Кеңес көшесіне ауданның Құрметті азаматы Сейітқұлов Шүкірқарының аты берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын қадағалау Қараспан ауыл округі әкімі аппаратының бас маман іс-басқарушысы Т.Медеубековке жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қараспан ауыл округі әкімі*

*А.Күдірбекұлы*